Halyk Insurance

ТУРИСТЕРДІ ЕРІКТІ МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

1. Шетелде шұғыл медициналық көмек қажет болса не істеу керек?

Сервистік компанияға (Ассистансқа) полисте (сертификатта), сондай-ақ жадынамада көрсетілген телефондар бойынша қоңырау шалыңыз және тегіңізді:

- атыңызды хабарлаңыз;
- сіздің сақтандыру компанияңыз - "Халық" сақтандыру компаниясы";
- сервистік компания операторы қоятын сұрақтарға жауап беріңіз.

Сервистік компания - Сіздің полисіңіздің бағдарламасына сәйкес сақтандыру жағдайы басталған кезде медициналық және өзге де қызметтер көрсетуді ұйымдастыратын "Халық" сақтандыру компаниясының өкілі.

Сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сервистік компанияны уақтылы хабардар ету және медициналық қызметтерді алу үшін іс-қимыл тәртібін келісу маңызды! Сервистік компанияны хабардар етпеу және өз іс-әрекеттерін келіспеу сақтандыру төлемінен бас тартуға әкелуі мүмкін.

Шетелде қызметтерді ұйымдастыратын сервис компаниясы:

BAR “NOVA ASSISTANCE” SRL

Египет: +20 693 666 856, +20 693 666 857
Түркия: +90 242 988 0231, +90 242 988 0235
Болгария: +359 56 918 004
Тайланд: +66 600 035 168

Басқа елдер үшін:
+37322994955;

WhatsApp
(тек мәтіндік хабарламалар үшін)
+37379005222.

Telegram bot:
NovaAssistance_bot

e-mail:
office@novasist.net

2. Егер сіз сервистік компаниямен байланыса алмасаңыз және сізге шұғыл көмек қажет болса, не істеу керек?

Жақын жердегі медициналық мекемеге хабарласыңыз, медициналық көмек шығындарын төлеңіз. Алғашқы мүмкіндік кезінде, бірақ медициналық көмекке жүгінгеннен кейін 3 тәуліктен кешіктірмей, сервистік компанияға немесе "Халық"сақтандыру компаниясына қоңырау шалу арқылы сақтандыру жағдайы туралы хабарлаңыз:

Halyk Insurance

Байланыс орталығы	+7 (727) 331 00 00
WhatsApp	+7 777 090 18 50
e-mail	info@skhalyk.kz

3. Медициналық шығындарды төлеген болсаңыз, сақтандыру өтемін қалай алуға болады?

Медициналық қызмет алған клиникадан мынналарды талап етіп, алыңыз:

- куәландырылған медициналық қорытындылар және тексеру нәтижелері;
- сіз жасаған төлемді растайтын құжаттар (инвойстар мен чектер).

Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей шығыстарды өтеу үшін "Халық" сақтандыру компаниясына құжаттар топтамасын ұсыныңыз.

Маңызды: "Халық" сақтандыру компаниясының сайтында https://skhalyk.kz/ru/voluntary/travel сілтемесі бойынша шетелге шығатын адамдарды ерікті сақтандыру ережелерінің электрондық нұсқасы орналастырылған. Танысқаннан кейін Сіз шығыстарды өтеу үшін құжаттардың толық пакеті, тараптардың құқықтары, міндеттері, шетелде сақтандыру жағдайы басталған кездегі іс-қимыл тәртібі, сақтандыру өтемақыларының көлемі және сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру тәртібі туралы ақпарат аласыз.

Шетелде жақсы дем алуға деген ізгі тілектермен,
"Халық" сақтандыру компаниясы" АҚ